

«Сейфуллин оқулары – 18: « Жастар және ғылым – болашаққа көзқарас» халықаралық ғылыми -практикалық конференция материалдары = Материалы международной научно-практической конференции «Сейфуллинские чтения – 18: « Молодежь и наука – взгляд в будущее» - 2022.- Т.І, Ч.IV. - Б. 151-154

## **ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ ЖАҢА АГРОҚҰРЫЛЫМДАРЫНЫҢ ЖЕР ПАЙДАЛАНУШЫЛЫҚТАРЫНЫҢ ОРНАЛАСТЫРЫЛУЫНА ТАЛДАУ**

*Әубәкір Ғ.Д., 2 курс магистранты*

*С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Нұр-Сұлтан  
Қ.*

Қазақстан өзінің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуде үлкен перспективаларға ие, сондай-ақ әлемдік ауқымда азық-түлік проблемаларын шешуге өз үлесін қоса алады [1].

Ауыл шаруашылығы кәсіпорындары мен шаруа қожалықтарының шаруашылықаралық жерге орналастыру олардың орналасуын, ауданын, құрылымын даму қажеттіліктеріне сәйкес келтіру, өндіріс тиімділігін арттыру, сондай-ақ жерді тиімді пайдалануды ұйымдастырудағы негізгі өндіріс құралы ретінде жүзеге асырылады. Шаруашылықаралық жерге орналастырудың нәтижесі (яғни, ауыл шаруашылық жер пайдаланушылықтар мен жер иеленушіліктері, олардың жүйелерін қалыптастыру және реттеу) ауыл шаруашылығы өндірісінің және жерді пайдаланудың тиімділігін арттыру, оның қорғалуын қамтамасыз ету, шығындар мен ысыраптарды азайту, сондай-ақ жерді пайдаланудың тиімділігін арттыру болуы тиіс[2].

Ауыл шаруашылығында пайдаланылатын жерлердің игерілгендігі, пайдалану қарқындылығы өте сан деңгейлі. Бұл жағдай ауылшаруашылық кәсіпорындардың жер пайдаланушылықтарының құрылуына зор әсер етуі сөзсіз. Сондықтан олардың аудандары, орналасуы және тағы да басқа параметрлері осыған сәйкесті белгіленеді, өйткені жердің игерілгендігі шаруашылықтың мамандандырылғандығы мен өндірістің шоғырландырылғандығына тығыз байланысты. Жаңа жер иеліктері мен жер пайдаланушылықтары мынадай бірқатар жағдайларда құрылады:

- жаңа шаруашылықтар ұйымдастырылғанда;
- ірі жер массивтері (тың, суармалы, т.б.) игерілгенде;
- шаруашылықтар ірілендірілгенде немесе ұсақталғанда;
- бірнеше жер пайдаланушылықтар әр түрлі себептермен қайта құрылғанда [3].

Қазіргі уақытта жер пайдаланушылықтардың жобасыз қалыптасуы нәтижесінде шаруашылықтардың инженерлік коммуникациялармен, а.ш. өнімдерін қайта өңдеу және сақтау, а.ш. техникасын жөндеу кәсіпорындарымен байланысы нашар. Бұл жерді тиімді пайдалануға, оның

құнарлылығына және ауыл тұрғындарының тұрмыстық-әлеуметтік жағдайына теріс әсер етеді.

Жаңа аылшаруашылық құрылымдардың жер пайдаланушылықтарын қалыптастырудың қазіргі заманғы проблемаларының бірі - олардың жер пайдаланушылықтарын тиімді орналастыру болып табылады.

Зерттеу кезінде Қызылорда облысындағы ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің пайдаланылуына талдау жүргізілді. Ауыл шаруашылығы құрылымдарының 2011-2021 жылдар аралығындағы санының динамикасына талдау Қызылорда облысының 3 ауданы аумағында жүргізілді (1-кесте).

1 – кесте. 2011-2021 жылдар аралығындағы аудандардың ауыл шаруашылығы құрылымдарының санының динамикасы

№	Жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылардың атауы	Жалағаш ауданы		Қармақшы ауданы		Сырдария ауданы	
		2011 ж	2021 ж	2011 ж	2021 ж	2011 ж	2021 ж
1	Бағбандық және саяжай құрылысы үшін жерлер	-	-	3	2	921	921
2	Азаматтардың Ш(Ф)Қ жүргізуге арналған жерлер	217	418	240	31	631	1003
3	Мемлекеттік емес а. ш. заңды тұлғалардың жерлері	27	58	504	8	41	89
	а) а. ш. серіктестердің және акционерлік қоғамдар	12	20	249	7	20	28
	б) а. ш кооперативтері	1	5	-	-	-	-
	в) басқа кәсіпорындар	14	33	255	1	21	59
4	мемлекеттік ауылшаруашылық заңды тұлғалардың жерлері	2	2	1	-	2	2
	а) а. ш. ғылыми-зерттеу мекемелерді және оқу орындары	1	1	-	-	-	-
	б) қосалқы а. ш.	-	-	-	-	1	1

	кәсіпорындары						
	в)басқа мемлекеттік кәсіпорындардың жерлері	1	1	1	-	1	1
Барлығы:		246	478	748	42	1595	2015

Нәтижесінде жер пайдаланушылықтардың санында біршама өзгерістер анықталды. Мысалы, азаматтардың Ш(Ф)Қ жүргізуге арналған жерлерінің саны соңғы он жылда 2 есеге жуық артқаны байқалады. Сонымен қатар Қармақшы ауданындағы мемлекеттік емес ауыл шаруашылығы заңды тұлғалардың жерлерінің ішінде ауылшаруашылық серіктестердің және акционерлік қоғамдарының саны 249-дан 7-ге азайғаны байқалады.

Жерді пайдаланушылықтардың ұтымды орналасуының басты шарты нақты табиғи-экономикалық жағдайларды ескере отырып, қашықтықты азайту болып табылады. Шаруа қожалықтарының жерді тиімді пайдалануы үшін оны елді мекендерге, өнім өткізу және өндеу пункттеріне, инженерлік коммуникация желілеріне неғұрлым жақын орналастыру қажет. Ғалымдардың тұжырымы бойынша шаруа қожалықтарының тұрғылықты жерінен жер массивтеріне дейінгі орташа өлшенген қашықтық мал шаруашылығын қарқынды жүргізетін шаруашылық үшін 4 км, егін шаруашылығы үшін 6 км-ден аспауы керек [3].

Осыған орай зерттеу объектілері бойынша шаруа қожалықтарының аудандары мен орналасуына талдау жүргізілді (2 кесте)

2-кесте. Шаруа қожалықтарының орналасу мінездемесі

Т.б.	Көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	Саны
1	Шаруа қожалықтарының жалпы ауданы, соның ішінде:		6342
	-егістік	га	2350
	-жайылым		2689
2	ШҚ жер учаскесінің қашықтығы:		
	-елді мекеннен		18
	-жолдардан	км	12
	-өнім өндеу және тапсыру пункттерінен		37

Кестеде келтірілген деректерге қарай отырып, шаруа қожалықтарының жер учаскелері елді мекеннен, жолдардан, өнім өңдеу мен тапсыру пунктерінен бірмаша алыс орналасқаны байқалады.

Бүгінде зерттелген аймақтағы суармалы жерлердің едәуір аудандары қанағаттанарлықсыз жағдайда. Суармалы жерлердің магистральдық каналға қатысты орналасуына байланысты шаруашылықтар суды біркелкі пайдалана алмауда.

Аумақты ұйымдастыру жермен тығыз байланысты өндіріс құралдарының тиісті ұйымдастырылуын білдіретіні белгілі. Оларға ирригациялық жүйе, гидротехникалық құрылыстар және ауыл шаруашылығы өндірісінің басқа да объектілері жатады. Суармалы аймақтағы өндірістің өзіндік ерекшелігі - өндіріс процесінде жермен қатар су өндіріс құралы ретінде қызмет етеді. Сондықтан суармалы жерлерді ұйымдастырудың негізгі бағыты оларды өнімді тұтыну пункттеріне барынша жақындату болып табылады.

Осыған байланысты шаруашылық құрылымдарының жер пайдаланушылықтарын орналастыру келесі тәртіппен жүргізілуі тиіс:

- жер пайдаланушылықтардың шаруашылық орталықтарына қатысты орналасуына талдау жасау;

- олардың өзара және алаптар мен сырттағы өндірістік орталықтармен транспорттық байланыстарын қолайландыру;

- өндірістік, мәдени-тұрмыстық объектілеріне, суару және су бұру жүйелеріне, инженерлік коммуникацияларға қатысты ұтымды орналастыру.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Кульмаганбетова А. С. Рынок земель сельскохозяйственного назначения в Республике Казахстан/ WORLD SCIENCE: PROBLEMS AND INNOVATIONS: сборник статей IV Международной научно-практической конференции. В 2 ч. Ч. - Пенза: МЦНС “Наука и Просвещение”. - 2016. - 282 с.
- 2 Волков С. Н., Троицкий В. П., Конокотин Н. Г. и др. Землеустроительное проектирование; Под. ред. Волкова С. Н. - 2-е изд., перераб. и доп. - М.: Колос, 1998. - 632 с.
- 3 Қырықбаев Ж. Қ., Карбозов Т. Е., Ахметов Е. С. Шаруашылықаралық жерге орналастыру - Астана С.Сейфуллин атындағы ҚАТУ, 2017. - 64 б.
- 4 Чешев А. С., Фальков В. Ф. Основы землепользования и землеустройства - 3-е изд. - Ростов н/Д., изд. центр «МарТ», 2002. - 429 с.

*Ғылыми жетекші: э.ғ.к., доцент Баярлин А.Е.*